

Кімге: Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі

Автордың аты-жөні және лауазымы: Оспанова М.Б., Ұлытау облысының мемлекеттік сатып алу басқармасының негізгі қызметке мониторинг жүргізу және әкімшілендіру бөлімінің бас маманы

Күні: 17.04.2025 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Мүмкіндігі шектеулі жандарға мемлекеттік қолдау

Кілт сөздер: Мүмкіндігі шектеулі жандар, әлеуметтік қорғау, еңбекке қабілеттілік, жәрдемақы

Кіріспе

«Мүмкіндігі шектеулі жандар» - бұл денсаулығында белгілі бір шектеулер бар адамдарды сипаттайтын термин.

Мүмкіндігі шектеулі жандар — бұл физикалық, психикалық немесе сенсорлық шектеулерге тап болған адамдар. Олардың өмірі мен дамуының психологиялық аспектілерін түсінуге бағытталған зерттеудің негізгі бағыты болып табылады.

«Рух бекінісін сақтау үшін дененің бекінісін сақтау керек» дегендей, осы күнде мүмкіндігі шектеулі жандардың қатарынан қалмай, жұртпен бірге өмір сүріп, еліміздің дамуына өз үлесін қосып жатқаны бәрімізге аян.

Қазақстанда мүмкіндігі шектеулі жандарды әлеуметтік қорғау ҚР Конституциясы, "ҚР мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" заңы бойынша реттеледі[1].

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында Үкіметке қамқорлығында мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасыларға ерекше көңіл бөлуді тапсырған еді.

Елімізде тағдыр тауқыметіне түсіп, туа бітті мүгедек болып жатқандар және жол көлік апатынан мүгедек болғандар өте көп.

Мүмкіндігі шектеулі балалар қазіргі таңда өте көп. Олардың барлығына бірдей көмек көрсетіліп жатқан жоқ. Мүмкіндігі шектеулі балаларға мемлекет тарапынан, Білім министрлігі тарапынан мүмкіндігі шектеулі балалардың білім алуына аса назар аударылса, дені сау балалардың

алдында еңселерін тік ұстап жүретіндей дәрежеге жетуге көмек қолын созса екен деген ұсыныстар бар. Мүмкіндігі шектеулі жандарға беріліп отырған жәрдемақы жеткіліксіз[2].

Соңғы жылдары елімізде мүмкіндігі шектеулі жандардың қатары артып келеді. Ал оларды уақытылы емдеу мәселесі өзекті болып отыр[3].

Ел Президенті өзінің қай Жолдауында болмасын, халық арасындағы әлсіз топтарға, әсіресе, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қамқорлық көрсетіп, оларға қоршаған ортада қолайлы жағдай жасауды талап етіп отырады.

Мүмкіндігі шектеулі жандар үшін барлық тиімді жағдайларды қарастырып, олар үшін кедергісіз орта қалыптастыруды басты назарға қойып келеді [4].

Негізгі бөлім

Елімізде 2020 жылғы статистика бойынша 705 мыңнан астам мүгедектігі бар адам тұрады, оның ішінде 430 мыңы еңбекке қабілетті жаста, 181 мыңы зейнеткерлік жаста және 94 мыңға жуығы – балалар. Биыл әлеуметтік төлемдерге, оңалтудың техникалық құралдары мен қызметтерді қамтамасыз етуге 448 млрд теңге бағытталды, бұл өткен жылмен салыстырғанда 12%-ға артық.

Елімізде мүгедек адамдардың құқығын қамтамасыз ету және өмір сүру сапасын жақсарту жөніндегі 2025 жылға дейінгі Ұлттық жоспар іске асырылуда.

Ұлттық жоспар 7 бағытты қамтитын 64 іс-шарадан тұрады, ол мүгедектік профилактикасы мен алдын алу, білім алуға қолжетімділік, кедергісіз орта, жұмыспен қамту, тиімді оңалту, әлеуметтік қызметтер және қоғамдық сананы жаңғырту мәселелері.

Оңалту болжамы қолайсыз адамдар үшін мүгедектік мерзімі 5 жылға дейін ұзартылды, бала 5 жылға немесе ол 16 жасқа толғанға дейін мүгедек деп танылатын көрсетілімдер кеңейтілді.

Ағымдағы жылы елімізде алғаш рет электр жетегі бар отандық кресло-арбаларды өндіру бойынша жоба іске қосылды.

Мемлекеттік тапсырыс бойынша «Тыныс» АҚ алғашқы отандық электр жетегі бар 1381 кресло-арба шығарды, олардың 817-сі өңірлерге жеткізілді.

Amazon және Alibaba сияқты сервистердің қағидаты бойынша мүгедек адамдар үшін aleumet.egov.kz әлеуметтік қызметтер порталы іске қосылды.

Бұл цифрлық жобада келесі мүмкіндіктер қолжетімді:

- оңалту құралдары мен қызметтерін өз бетінше таңдау құқығы;
- оларды алу мерзімін 6 айдан 15 күнге дейін қысқарту;
- бизнес-процестердің ашықтығы, делдалдық қызметтерді жою;

- бағаны біріздендіру, бюджет қаражатын тиімді пайдалану;
- оңалтудың техникалық құралдарын және қызметтерін жеткізушілердің тең қолжетімділігі.

Бүгінгі таңда порталда оңалтудың техникалық құралдары мен қызметтерінің 1157 жеткізушісі тіркелген, және 24 мыңнан астам техникалық оңалту құралы берілді.

2021 жылғы қаңтардан бастап оңалту құралдарының барлық 55 техникалық түрі бойынша, 400 мыңға жуық алушыны қамти отырып, порталға толық көшу жүзеге асырылатын болады.

Келесі цифрлық жоба — мүгедектікті сырттай белгілеу және проактивті форматта әлеуметтік қызметтер көрсету.

Бүгінгі таңда өтініш берушіге бірнеше түрлі мекемелерге жүгінуге тура келеді.

Қызметтер толық автоматтандырылғаннан кейін, 2021 жылы өтініш беруші тек емханаға тексеру үшін жүгінеді. Көрсетілетін қызметтердің қалған сатылары мүгедектікті белгілеуді, жәрдемақы тағайындауды қоса алғанда, проактивті форматта, кешенді электрондық түрде жүзеге асырылатын болады.

Осы процесті іске асыру мүгедек адамдардың қызмет берушімен байланысын болдырмауға мүмкіндік береді, қызмет көрсету уақытын едәуір қысқартады.

Еңбекке қабілетті жастағы мүгедек адамдардың жалпы санынан бүгінгі күні 100 мың адам немесе 23,3%-ы жұмысқа тартылған.

2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 30%-ға дейін ұлғайту жоспарланған.

«Еңбек» бағдарламасы белсенді іске асырылуда. Биыл 13 мың мүгедек адам жұмысқа орналастырылды, 626 адам кәсіпкерлік негіздеріне оқытылды, 830 өтеусіз грант және 350 шағын несие берілді.

Қазіргі уақытта мүгедек адамдарға арналған Кәсіптер атласын әзірлеу аяқталуда.

Мүмкіндігі шектеулі жандарды сұранысқа ие мамандықтарға, оның ішінде IT дағдылары бойынша оқыту жүргізіледі.

«Даму» қорымен бірлесіп «Scale-up» бағдарламасы бойынша мүгедек адамдардың қатысуымен іске асырылатын 76 бизнес-жобаны қолдау шаралары басталды.

Жергілікті және орталық мемлекеттік органдармен бірлесіп мүгедек адамдарды мемлекеттік қызметшілер қатарына тарту бойынша жұмыстар жүргізілуде. Ағымдағы жылдың 1 қарашасына олардың саны 701 адамға жетті, оның ішінде 391 адам Мемлекеттік басқару академиясының онлайн-курсынан өтті.

Сондай-ақ, 2021 жылы барлық өңірлер мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында «Теп Қоғам» әлеуметтік қолдау және жұмысқа орналастыру орталықтарын ашуды жоспарлап отыр. Мұндай орталықтар бүгінге Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларында ашылды.

Өңірлерде кәсіпорындармен мүгедек адамдарды жұмысқа орналастыру жағынан белгіленген квоталарды орындау бойынша жұмыс жүргізу өзекті болып қалып отыр. Бүгінгі таңда кәсіпорындардың 36%-ы заңнама талаптарының орындалуын қамтамасыз еткен.

«Мүгедек адамдарды оңалту мәселесі өте маңызды. Қазіргі уақытта елімізде 40 стационарлық оңалту орталығы жұмыс істейді. Оның ішінде ағымдағы жылы мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс және мемлекеттік-жекеменшік әріптестік арқылы 12 жаңа оңалту орталығы іске қосылды.

Мұқтаж адамдарды оңалту орталықтарымен қамту 47%-ға дейін жеткізілді. Бүгінге, оңалту орталықтарын қосымша құру мәселесі өзекті. 5 өңірде стационарлық үлгідегі оңалту орталығы жоқ және 3 өңірде оңалту қызметтеріне қажеттілік олардың мүмкіндіктерінен асып отыр. Осыған байланысты, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тәсілін қоса алғанда, барлық 8 өңірде 150 орынға шақталған стационарлық үлгідегі жаңа оңалту орталықтарын салу жоспарлануда.

Бүгінде медициналық-әлеуметтік мекемелердің саны 931-ге жетті және 122 мың адамды қамтиды. «Қазір осы мәселеге қатысты әлеуметтік қызмет жүйесін жаңғырту жөніндегі Ұлттық жоспарды және әлеуметтік қызмет көрсету жүйесінің жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшу тұжырымдамасын әзірлеуде. ЮНИСЕФ пен Елбасы Қорының қолдауымен 12 мың әлеуметтік қызметкерді тестілеу және оқыту басталды.

Үкімет тарапынан әлеуметтік қызметкерлердің жалақысын кезең-кезеңімен арттыру мәселесін қарастыруда.

Сондай-ақ, жаңа Әлеуметтік қамсыздандыру кодексінде әлеуметтік қызметкердің мәртебесін арттыруға бағытталған нормалар жеке айқындалатын болады.

Ұлттық жоспар шеңберінде министрлік азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселесі бойынша заң жобасын әзірледі.

Заң жобасы 80-нен астам нормативтік-құқықтық актіге өзгерістер енгізуді көздейді және мүгедек адамдардың құқықтары мен әлеуметтік қолдауын қамтамасыз етуге қатысты «Нұр Отан» партиясының сайлауалды тұғырнамасында көрініс тапқан 10-нан астам тұжырымдамалық толықтыруларды қамтиды.

Оның ішінде:

- мүгедек адамдарды жұмысқа орналастыру жөніндегі квотаны орындамайтын жұмыс берушілердің өтемақы жарналарын енгізу;
- барлық 1-топтағы мүгедек жандарға күтім жасайтын адамдарға берілетін жәрдемақы енгізу;
- 7 жастан 16 жасқа дейінгі балаларды мүгедектік топтары бойынша бөлу, жәрдемақы мөлшерін қайта қарау;
- мүгедектігі және асыраушысынан айырылуы бойынша жәрдемақыларды бірге алу құқығын беру;

- 1-2 топ мүгедектігі белгіленген жағдайда 18 жастан асқан балалар үшін тұрғын үй кезегін сақтап қалу сияқты маңызды әлеуметтік нормалар бар.

«Заң жобасы барлық келісу сатысынан өтті және жақында Парламентке енгізілетін болады», — деп түйіндеді Б. Нұрымбетов.

Түркістан облысының әкімі Өмірзақ Шөкеевтің айтуынша, облыста 94 500 мүмкіндігі шектеулі азаматтар тұрады. Мүмкіндігі шектеулі азаматтарды оңалту шараларымен қамтамасыз ету үшін бөлінетін қаржы жылдан-жылға артып келеді.

«2020 жылы былтырғы жылмен салыстырғанда бөлінген қаржы мөлшері 22%-ға ұлғайып, 4,8 млрд теңге бөлінді. Нәтижесінде, 34 мыңнан астам адам техникалық құралдарымен және әлеуметтік қызметтерімен қамтылды», — деді облыс басшысы.

Оның айтуынша, сонымен қатар, ерекше білім беруді қажет ететін балаларға инклюзивті және арнайы білім берілуде. Ал мүгедектіктің алдын-алу мақсатында анықтау, профилактикалық және емдеу шараларын жүргізу нәтижесінде 2019 жылмен салыстырғанда мүгедектікке шығу деңгейі 18%-ға төмендеді.

«Жалпы, мүгедектердің ішінде 60%-ы еңбекке қабілетті жастағы азаматтар. Сондықтан біз оларды «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде жұмысқа тарту шараларын күшейтудеміз», — деді Ө. Шөкеев.

Облыс бойынша 2020 жылдың 1 қарашасына еңбекке жарамды 1 600 мүгедек адам жұмыспен қамту шараларына тартылған. Ал 2021 жылға 3 331 мүгедек үшін жұмыс орны белгіленді.

Ұлттық жоспардың маңызды бағыты – мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолжетімді орта құру бойынша облыс орталығында 2 895 нысанның 98%-ы сәйкестендірілген.

Цифрландыру бойынша «Әлеуметтік қызметтер порталы» мүмкіндігі шектеулі азаматтар үшін 2021 жылы толық іске асырылады. Бүгінгі күнге мүгедек азаматтардың 94%-ы электрондық-цифрлық қолтаңба алған. Бұл 42 мыңға жуық мүгедек азаматты оңалту шараларын сапалы жүзеге асыруға толық мүмкіндік береді.

«Түркістан өңіріне облыс мәртебесі беріліп, қайта жаңғыруына байланысты мүгедектерге арналған заманауи оңалту орталығын құру қажеттілігі туындауда. Осыған байланысты 2024 жылға дейін мүгедектерге арналған сыйымдылығы 50 орындық 6 әлеуметтік нысан және 200 орындық бір оңалту орталығын салу жоспарлануда. Қазір олардың жобалау-сметалық құжаттамасы әзірленіп жатыр».

Солтүстік Қазақстан облысында өңірде 26,5 мың мүгедек адам тұрады, олардың 2 мыңнан астамы — балалар.

Облыста мүмкіндігі шектеулі азаматтарды қолдау бойынша шаралар жүзеге асуда. Атап айтқанда, кедергісіз орта аясында 1741 нысан

бейімделді және Қолжетімділіктің интерактивті картасына енгізілді (100%).

Сонымен қатар әлеуметтік кәсіпкерлік дамуда. Төрт адам республикалық «скейл ап» жобасының қатысушысы болды, 3,6 мың адам, оның ішінде «Еңбек» бағдарламасы бойынша 600 адам жұмысқа тартылды, 265 кәсіпорынға квота бойынша жұмысқа тұрған.

6 медициналық-әлеуметтік мекемеде және мүгедектерді оңалту орталығында 1 600-ден астам адамға қызмет көрсетіледі. «TenQogam» әлеуметтік қызмет көрсету орталығын ашуды жоспарлап отырмыз.

Жыл қорытындысы бойынша мұқтаж адамдардың 80%-ы оңалту құралдарымен және қызметтермен қамтамасыз етілетін болады. Мүгедектіктің ерте профилактикасы үшін скринингтік тексеріс ұйымдастырылды, компьютерлік томографияда тексеру 8 есе артқан. Бұдан басқа, облыста инклюзивті білім беруді дамытуға ерекше назар бөлінуде. Атап айтқанда, 334 мектепте қажетті жағдайлар жасалған (71%), 26 арнайы оқу ұйымы және 12 инклюзия сыныбы жұмыс істейді, облыстың барлық аудандарында 1300-ден астам бала қамтылды[5].

Халықаралық тәжірибе

Мүмкіндігі шектеулі жандарды қолдаудағы халықаралық тәжірибелерден бірнеше озық үлгілерді келтіруге болады:

1. Швеция

- Швецияда мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған әлеуметтік қорғау жүйесі өте дамыған.
- Арнайы инклюзивті білім беру жүйесі толық енгізілген, барлық мектептерде арнайы көмекші педагогтер бар.
- Мемлекет мүгедектігі бар адамдарға жұмыс табуға көмектесетін арнайы бағдарламаларды (мысалы, Samhall ұйымы) іске асырады.

2. Жапония

- Жапонияда барлық қоғамдық орындарда, пойыздар мен аялдамаларда қолжетімділік (пандус, лифт, Брайл жазуы) толық қамтамасыз етілген.
- Жұмыс берушілер мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа қабылдау бойынша арнайы квота жүйесіне бағынады (орташа және ірі компаниялардың 2.3%-ы – міндетті).

3. Канада

- Канадалықтар мүмкіндігі шектеулі жандарды қоғамға толық кіріктіру үшін “инклюзивті дизайн” тұжырымдамасын қолданады.
- Мемлекет мүгедектігі бар адамдарға кәсіптік дайындық курстары мен өзін-өзі жұмыспен қамтуға арналған гранттар ұсынады.

4. Германия

- Германияда “қолдау арқылы жұмысқа орналастыру” (Supported Employment) бағдарламасы кең қолданылады.

- Мүгедектігі бар азаматтар үшін арнайы өндіріс орындары мен шеберханалар бар.

- Мемлекет жұмыс берушілерге мүгедектігі бар қызметкерлер үшін қаржылай қолдау көрсетеді.

5. АҚШ

- АҚШ-та 1990 жылы қабылданған “Americans with Disabilities Act (ADA)” заңы мүмкіндігі шектеулі адамдардың құқықтарын кеңінен қорғайды.

- Заң бойынша жұмыс орындарында, көлікте, қоғамдық қызметтер мен ғимараттарда қолжетімділік міндетті.

- Арнайы оқыту, оңалту және қайта даярлау орталықтары жақсы дамыған.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын қорғау мен өмір сүру сапасын жақсарту үшін кешенді әрі ұзақ мерзімді саясат қажет. Бұл тәжірибелер Қазақстанға да бейімделіп, енгізілсе, қоғамдағы әлеуметтік әділеттілік деңгейі арта түсер еді.

Қорытынды

Мүмкіндігі шектеулі жандар — қоғамның ажырамас бөлігі. Олардың өмір сүру сапасын арттыру, тең құқықтар мен мүмкіндіктерді қамтамасыз ету – кез келген елдің өркениеттілік деңгейін көрсететін маңызды өлшем. Қазіргі таңда мемлекет тарапынан бірқатар әлеуметтік бағдарламалар, заңнамалық қолдаулар жүзеге асырылып жатыр. Дегенмен, олардың күнделікті өмірде кездесетін кедергілері әлі де аз емес. Қоғамдағы стереотиптер, инфрақұрылымның жеткіліксіздігі, білім мен еңбек нарығында шектеулер – бұл өзекті мәселелер қатарында. Сондықтан, мүмкіндігі шектеулі жандардың толыққанды өмір сүруіне жағдай жасау – тек мемлекеттік органдардың емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті. Инклюзивті орта қалыптастырып, оларды қолдау мен түсіністік таныту арқылы ғана біз шын мәнінде әділетті әрі дамыған қоғам құра аламыз.

Ұсынымдар

Мүмкіндігі шектеулі жандардың жағдайын жақсарту үшін келесі ұсынымдарды ұсынуға болады:

1. Инфрақұрылымды бейімдеу

Қоғамдық орындар, көлік, білім беру және жұмыс орындарын мүмкіндігі шектеулі жандарға бейімдеу қажет (пандустар, лифтілер, арнайы белгілер мен қолжетімді орта).

2. Білім беруді инклюзивті ету

Арнайы бағдарламалар мен әдістемелер арқылы мүмкіндігі шектеулі балаларды жалпы білім беру жүйесіне енгізу, мұғалімдерді арнайы дайындықтан өткізу.

3. Еңбекке орналастыру мүмкіндіктерін кеңейту

Мүгедектігі бар жандарды жұмысқа орналастыру үшін арнайы квоталар енгізу, жұмыс берушілерге ынталандыру тетіктерін (салықтық жеңілдіктер, субсидиялар) қолдану.

4. Қоғамдық сананы өзгерту

Мүгедектігі бар адамдарға қатысты теріс көзқарасты жою үшін ақпараттық кампаниялар, тренингтер мен арнайы жобалар ұйымдастыру.

5. Медициналық және психологиялық қолдау

Қолжетімді әрі сапалы оңалту орталықтарын көбейту, психологиялық көмек көрсететін орталықтарды ашу.

6. Цифрлық қолжетімділікті қамтамасыз ету

Веб-сайттар, мемлекеттік қызметтер мен қосымшаларды мүмкіндігі шектеулі жандарға бейімдеп жасау.

7. Қоғамдық және азаматтық белсенділікке тарту

Мүгедектігі бар азаматтардың үкіметтік емес ұйымдарға, қоғамдық бастамаларға, шешім қабылдау процестеріне қатысуын ынталандыру.

Егер осы ұсынымдар жүйелі түрде жүзеге асырылса, мүмкіндігі шектеулі жандардың өмір сүру сапасы едәуір жақсарады.

Пайдаланылған дереккөздер тізімі

1. <https://stan.kz/mugedekter-zhardemaki-340340/>
2. <https://aigak.kz/2023/09/15/mmkindg-shekteul-zhandard-mseles/> 7
3. <https://azattyq-ruhy.kz/society/50093-mumkindigi-shekteuli-zhandardyn-m-selesi-kemshilikter-men-sheshim-zholdary> 8
4. <https://maqat-tynysy.kz/zhanalyqtar/audan/m-mkindigi-shekteuli-zhandar-dajy-nazarda.html> 9
5. <https://www.gov.kz/memleket/entities/enbek/press/news/details/130565>